



History of the World

© 2014 Pearson Education, Inc.

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МӘТІННІҢ ОҚЫЛУЫ МЕН МӘТІН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТУРА МӘЛІМЕТТЕР

Текстология дегеніміз – белгілі бір шығарманың жазылу тарихын зерттейтін, сын көзімен қарап, жан-жақты тексеру арқылы шығарманың ең негізгі тексін таңдап алып, оны тұрақтандыратын, шығарманың жазылған мерзімін айқындайтын, түсініктер беретін, авторы беймағұлым болса, оны іздестіретін, шығарманың кімге арнап басылатынын белгілейтін филологиялық ғылым саласы [1, 16].

Конондық мәтінді таңдау немесе мәтін қателерін жөндеу мәселесі оның тарихының зерттелуінсіз мүмкін емес. Ал мәтін тарихын зерттеу үшін алдымен мәтінді мұқият оқып шығу қажет. Бұл – текстологтың ең негізгі мақсаты.

Қолжазбаларда көп жағдайда оқылуы өте қиынға соғатын («Сейітбаттал», «Салсал», «Жұмжұма» т. б. ескі араб әліпбиінде жазылған) қолжазбалар көптеп ұшырасады. Текстология қағидаларына сүйенсек, мәтін алдымен полиграфиялық жағымен оқылып, әрбір әрпі мен тыныс белгілері дұрыс анықталуы қажет. Әрине, оқылуы жеңіл жазылған мәтіндер үшін бұл қиындық туғызбайды. Ал қолжазба қорларында сақталған қолжазбалар біркелкі емес екені бәрімізге мәлім. Мысал үшін М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорында сақтаулы бір-екі қолжазбаға сипаттама беріп кетсек, 1125/159-бумадағы «Ер Жәнібек» және 140-бумада сақтаулы «Жабал батыр мен Таңшебер қыз» жырларының қолжазбалары тозған, дәптерлері мүжілген, сиясы жайылып кеткен, кейбір жері өшкен, шимайланған қолжазбалар. Ал осы шимай қолжазбалардағы мәтіндердің бүлдірілген немесе түсініксіз тұстарын анықтау үлкен жауапкершілікті талап етеді. Осы сияқты оқылуы қиын жағдайларда мы-

нандай бірнеше әдісті қолдануға болады. Біріншіден, шығарманың оқылуы қиын мәтіндерін текстолог әрбір сөзді ешбір өзгеріссіз көшіріп алуы қажет. Екіншіден, текстолог әріптердің оқылуына көмектесетін мәтіндегі әрбір әріптің жазылу сипаттамасының кестесін құру керек. Үшіншіден, шығарманың түсініксіз тұстарын оқып шығуы үшін текстолог алдымен шығарманың мағынасын тереңнен ұғынып, мәтіннің түсініксіз тұстарына қайта оралып, талдауы қажет. Төртіншіден, осы айтылған тәсілдер мәтіннің оқылуына көмектесесе, қолжазбаның бүлдірілген тұстарына фотоанализ жасап, арнайы мамандардың (радиография, рентгеноскопия т.б.) көмегін пайдалануды қажет етеді [2].

Мәтіннің оқылуының негігі шарты – мәтіннің жазылған тілін оқи білу. ХХ ғасырға дейінгі қазақ әдебиеті мұраларының дені бізге ауызша жетіп, араб әліпбиінде хатқа түскені мәлім. Егер қайта басылып шыққан сол шығармалардан мәтін тарихын зерттеуде қателіктер көптеп ұшырап жатса, онда ол текстологтың мәтіннің жазылған тілін жақсы білмеуі әрі дұрыс талдау жүргізбегендігінің нәтижесінен туындайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін Шоқан Уәлиханов жазып алған «Абылай туралы жырға» тоқталатын болсақ, бұл жыр – қазақ арасында кең тараған, халықтың сүйіп тыңдайтын жырларының бірі.

«Абылай туралы жырды» Ш.Уәлиханов шамамен 1855 жылдары ел аузынан өз қолымен араб әрпінде хатқа түсірген. Бірақ жырды жазып алғанда, өкінішке орай осы жырды айттып берген жыршы туралы мәліметтерді жазбай кеткен. Жырдың түпнұсқасы Мәскеудегі Орталық Мемлекеттік Әдебиет және өнер мұрағатында (архив) сақтаулы (ЦГАЛИ, ф. 118. оп 1. N 468. лл. 4-5). Алғаш рет жырды академик Әлкей Марғұлан Ш.Уәлихановтың бес томдық жинағында араб әрпімен жариялаған. Кейін осы жыр тағы екі рет баспа бетін көрді:

1. Абылай туралы жыр. // Абылайхан Құрастырушысы:

С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1993. – 70-77-беттер.

2. Абылай туралы жыр. //Тарихи жырлар. Құрастырушылар: А.Сейдімбеков, Б.Әзібаева, М.Шафиғов. – Алматы: Білім, 1995. – 26-32 беттер.

Жырдың қысқаша сюжеті төмендегідей: Қырғыздың Есенкұл мен Ер Садыр дейтін батырлары қазақ елінің бір бөлігін ойрандап кетеді. Абылай қырғыздың батырларына елші жіберіп «татуласайық» деп сәлем айтады. Есенкұл мен Садыр Абылайдың бұл сәлемін қабылдамаған соң, Абылай әскер жинап, қырғыздарды Сарыбелде қирата жеңеді. Садыр қайтадан кек алуға жиналады. Ақыры Садыр қазақ әскерінің қолынан қаза болады.

Халық ауыз әдебиеті мұраларын жазып алуда Шоқанның тәжірибесі мол еді. Ол, тіпті, бала кезінің өзінде-ақ «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Едіге» жырларын жазып алғаны белгілі. «Абылай туралы жырды» жазып алғанда, жырдың тарихи, этнографиялық маңызына көңіл қойып, оны асықпай отырып ғылыми негізде жазып алуға тырысқан. Оның әрбір жыр шумақтарына, сөздеріне, кісі, жер атауларына ерекше мән беріп, дұрыс жазылуына көңіл бөлген. Ана тілін өте нәзік сезіне білген Шоқан жырды өз заманындағы араб жазуының орфографиялық, фонетикалық, ерекшеліктерін ескере отырып жазып алған.

Енді осы жырдың 1993 жылғы басылымда қандай өзгеріске ұшырағанын қарасақ, түпнұсқа мен 1993 жылғы басылымда қазіргі тіл тұрғысынан қате жоқ, бәрі де дұрыс сияқты. Ал осы жырды мұқият оқитын болсақ, кейінгі басылымдағы жырдың өн бойында біраз сөздердің орынсыз өзгеріске түскенін, кейбір сөздердің бүгінгі тілге жуықталғанын, ал, кейбір өлең жолдарының құрастырушылар тарапынан қосылғанын, немесе орын ауыстырылғанын, түпнұсқаның кейбір жекелеген сөздері қате оқылғанын т.б. байқауға болады.

Осы жерде сөзіміз дәлелді болу үшін Шоқанның

түпнұсқасы мен кейінгі басылым арасындағы қате оқылған тұсынан бір үзінді келтіре кетейік.

Түпнұсқа:

Қара да қуыс Шұңқырдан.

(172-бет, 16-жол)

Қоңыратың жаман шабылды

Қарақанды қолына

(173-бет, 33-жол)

Ортаға ала қонған күн.

Атланып кеңес сұрады хан.

(174-бет, 81-жол)

Басентин ұлы Барлыбай

Омыраулап сөйлейді,

Кісі ырқына көнбейді.

Сонда кедейшілік міндерін,

(175-бет, 97-жол)

1993 жылғы басылым:

Қара да қуыс *Шыңғырдан*.

(70-бет, 17-жол)

Қоңыратым жаман шабылды

Қарағанда ел қолына

(71-бет, 33-жол)

Ортаға ала *қонқан* күн.

Айналып кеңес *құрды* хан.

(77-бет, 81-жол)

Басентин ұлы Барлыбай

Омыраулап сөйледі,

Кісі ырқына көнбеді.

Сонда кедейшілік *мұндарың*

(73-бет, 96-жол)

Бұл жерде түпнұсқадағы «Қара да қуыс Шұңқырдан» деген өлең жолындағы «Шұңқырдан» сөзі 1993 жылғы басылымда «Шыңғырдан» болып өзгертілген. Ал осы сөздің «Шыңғырдан» болып өзгертілуінің дұрыс еместігін былай дәлелдеуге болады: Біріншіден, түпнұсқада «ғ» әрпі емес «к» әрпі жазылған және де бұл әріп анық көрініп тұр. Араб жазуындағы «к» әрпі ешқашан «ғ» болып оқылмайды. Екіншіден, араб тілінде дауысты дыбыс жазылмайтын болғандықтан, әркім сөз ыңғайына қарай құбылтып оқып жазатын болу керек.

Түпнұсқада «Қара қанды қолына» деген өлең тіркесі 1993 жылғы басылымда «Қарағанда ел қолына» деп өзгертілген. Бұл өзгертуге келетін болсақ, мұнда да біріншіден, жоғарыда айтылғандай «к» әрпі «ғ» әрпімен ауыстырылған. Екіншіден, «Қарақанды» деген сөздің басылымда «Қарағанда» болып өзгертілуі сөздің соңындағы «ы» әрпінің «а» болып оқылуынан болып отыр. Бұл жерде құрастырушының Ш.Уәлихановтың «ы», «і» әріптерінің ор-

нына көп жағдайда арабтың (о – о) әріптерін қолданғанын ескермегендіктен деп ойлаймыз. Ескерту қолжазбаның төменгі жағында көрсетілген [3, 172]. Үшіншіден, «Қарақанды» сөзі «Қарағанда» болып өзгертілген соң, ұйқас үшін «ел» сөзін құрастырушы өз тарапынан қосқан. Әрине кемшіліктерді құрастырушының араб таңбасымен жазылған түпнұсқаны жаңсақ оқудан кеткен қателер деп есептейміз.

Шығарма мәтінінің тарихын зерттеу мәселесіне келсек, ол шығарманың кейінгі бастырылу міндеттерінен тәуелсіз тұрады. Д.С.Лихачевтың айтуынша, мәтін тарихы тура және жанама мәліметтердің негізінде зерттеледі. Мәтіннің нақтылығын тануға көмектесетін тура мәліметтерді текстологтар кеңінен қолданады. Тура мәліметтерге қолжазбаның жазылған уақыты, автордың өз қолжазбасы, көшірме қолжазбасындағы көшірушінің өзге нұсқаулары, мәтінге қатысты жазушының күнделігі, естелігі мен хаттарындағы нұсқаулары да жатады. Соған мысалдардың бірі ретінде ХІХ ғасырдың қырқыншы жылдарында Шоқан Уәлихановтың «Едіге батыр» жырын жазып алудағы тәсілдерінен мысал келтіруге болады. Шоқанның айтуы бойынша, «Едіге жыры» 1841 жылы күрлеуіт қыпшақ Жұмағұл ақыннан естиді. Жырдың ең ескі нұсқасын Жұмағұл Шыңғысқа тарту етеді [4]. Шыңғыста бұл жырдың үш нұсқасы болған. Осы үш нұсқаны біріктіріп, Шоқан әкесімен ақылдасып жырдың бір нұсқасын жасайды. Ал зиялы сұлтан Ахмет Жантөрин оны таза қағазға жазып шығарады. Осы игілікті істері жайында Шоқан: «...Первый список с рапсодии Идыге сделан был султаном Чингисом Валихановым со слов Керлеуем Кыпчака Джумагула, второй список сделан им же с добавлением из устных преданий разных лиц, третий список был со слов Арсланбая, и, наконец из этих стихов вместе с Чингисом мы составили 1842 году свод переписанный Ахмед Жантуриным, с которого уже переведена настоящая рапсодия...» деп жазған болатын [5, 224-225].

Шоқан қайтыс болған соң, көп жылдардан кейін, 1904 жылы ғалымның достары құрастырып, профессор Н.И.Веселовскийдің басқаруымен шығарылған «Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова» атты бір томдық (СПб, 1904.) жинаққа «Едіге» жырының Шоқан жасаған орысша аудармасы да енгізілген болатын. 1905 жылы П.М.Мелиоранский өзінің алғы сөзін қосып, Шоқан нұсқасын түпнұсқа ретінде шығармалар жинағына қосымша етіп Санкт-Петербургте жариялады. Міне, осы түпнұсқада жырдың айтушысы, шыққан тегі, әлеуметтік ортасы, жазылған уақыты, көшірушісі туралы келтірілген деректер бар. Бұлар мәтіннің нақтылығын тануға көмектесетін тура мәліметтер болып табылады. Осы аталған тура мәліметтердің мәтін тарихын зерттеуде тигізер рөлі зор.

Ал бастырылған шығарманың мәтін тарихы зерттелсе, онда шығарманың жарыққа шығарылудағы барлық мәліметтері, цензураның рұқсат берілген күні, типографиялық, редакциялық, цензуралық баспасөздік құжаттары да пайдаланылады.

Мәтін тарихын зерттеуде тура мәліметтер жоқ болған жағдайда жанама мәліметтер қолданылады. Олар: қателер, мәтін өзгерістері мен қолжазбаларды зерттеу, мәтіндегі қосылған және қалып кеткен тұстарды, конъектураны (болжамды), глосс пен интерполяция, аударма көздерін анықтау т.б. болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Қазақ текстологиясының кейбір мәселелері // Классикалық зерттеулер. 3-том. – Алматы, 2012.
2. Әбдіқалық К. Текстология. Оқу құралы. – Алматы, 2012.
3. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. В 5 томах. Т.1. – Алма-Ата, 1961.
4. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985.
5. Валиханов Ч.Ч. Сочинения. – СПб., 1904.